

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 және "Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2015 жылғы 2 ақпандағы № 27 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 760 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысында:

1-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Мәдина Серікқызы Жүнісбекова,";

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушы – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов,";

3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Әсет Арманұлы Ерғалиев,";

2) "Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 27 қаулысында:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов Еуразия даму банкінің кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілінің орынбасары болып тағайындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

